

Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (жеке сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 Қаулысы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау және Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне көшу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Тақырыбы мен кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14. N 282 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (жеке сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасы (бұдан әрі - **Бағдарлама**) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14 N 282 , 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жоспарда айқындалған іс-шараларды Іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне есепті жарты жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей жарты жылдың қорытындылары бойынша олардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынысын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.27. N 902 , 2006.04.14 . N 282 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.27. N 902 , 2006.04.14 . N 282 қаулыларымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.27. N 902 , 2006.04.14 . N 282 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 11 маусымдағы

№ 565 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (жеке сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді, бүкіл мәтін бойынша "СН" деген аббревиатура "ЖСН" деген аббревиатурамен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 № 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Паспортқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.27 № 902 , 2006.04.14 № 282 , 2007.04.30 № 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Атауы

Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (жеке сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).

Қысқаша мазмұны

Бағдарламада жеке (заңды) тұлғаларды есепке алудың бірыңғай жүйесін енгізу жөніндегі заң шығару және ұйымдастырушылық іс-шаралардың кешені және осының негізінде Қазақстан Республикасында Жеке және заңды тұлғалардың Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау көзделген. Бағдарламада жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірінің құрылымы және жеке тұлғалар үшін, оның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), ал заңды тұлғалар мен қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін жеке бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) қолдануға көшу тәртібі жөніндегі тұжырымдамалық ережелер қамтылады. Сонымен бірге Бағдарламада ЖСН және БСН-ді қолдануға көшуге жағдайлар жасау жөнінде министрліктер мен ведомстволардың әрекеттерін үйлестіру мәселесі қамтылған. Бағдарламаны қабылдау Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы № 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық акпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2005

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 шілдедегі N 713 қаулысымен бекітілген Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыруға септігін тигізетін болады.

Іске асыру мерзімі

2003-2007 жылдар.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында "Жеке тұлғалар" және "Заңды тұлғалар" деген мемлекеттік дерекқорларын жасау көзделген.

Осы тапсырманы іске асыру барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Ақпараттандыру жөніндегі комиссия) жұмысының шеңберінде бірыңғай нөмірдің құрылымына, сондай-ақ оларды қолдануға көшу жөніндегі шаралар кешеніне қатысты тұжырымдамалық ережелер әзірлеу қажеттігі туралы шешім қабылданған болатын.

Осыған байланысты Ақпараттандыру жөніндегі комиссияның шеңберінде әзірленген оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын қамтитын ұлттық тізілімдерді жасау және жүргізу мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірін (ЖСН (БСН) беру жөніндегі тұжырымдама Ақпараттандыру жөніндегі комиссияның 2003 жылғы 20 қаңтардағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы отырысында қаралған және мақұлданған болатын.

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14. N 282 қаулысымен.

3. Мәселенің қазіргі жай-күйін талдау

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды есепке алудың бірнеше жүйесі пайдаланылады. Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің органдары салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді алу мақсатында жеке, сондай-ақ заңды тұлғаларға 12 сандық разрядтан тұратын салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) береді;

зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды есептеу және төлеу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 16 разрядтан

тұратын әлеуметтік жеке код (ӘЖК) пайдаланады, мұнда разрядтарда сандармен қатар әріптік мәндер де пайдаланылады;

паспорттық бақылау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 12 сандық разрядтан тұратын азаматтың сәйкестендіру коды (ID-код) пайдаланылады. Бұл код азаматтың жеке куәлігінде және (немесе) паспорттыңда көрсетіледі.

Соның салдарынан әрқайсысы өзінің нөмірінде (кодында) құрылатын ведомстволық автоматтандырылған дерекқор жүйесін жасау мәселесіне атқарушы билік органдарының іс-әрекетінде келісілмеген әрекеттер бар. Мысалға, салық органдары салық төлеушілердің тізілімін жүргізеді; Әділет министрлігі жеке басты куәландыратын берілген құжаттар туралы дерекқорды қолдауда; көлік полициясы органдары тіркелген көлік құралдарының электронды дерекқорын қалыптастыруда; әлеуметтік қорғау органдары әлеуметтік жәрдемақыларды беру тізілімінің жүргізілуіне жауап береді және басқалары.

Қолда бар ведомстволық автоматтандырылған жүйелер, көбінесе, әр орган жасап шығарған әдістемелік қағидаттар, персоналды ақпаратты жинаудың және пайдаланудың тұйықталған технологиялары, бір ізге салынбаған ақпараттық-лингвистикалық құралдар негізінде қалыптасады; аса маңызды емес мәліметтерден (тек азаматтардың тиісті мемлекеттік органға жүгінуі сәтінде ғана көкейкесті болады) тұрады және оларды қалыптастыру мен жүргізудің ортақ алгоритмдері, сондай-ақ ведомстволық автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істеу кезінде байланыстырушы "кілт" ретінде пайдалануға болатындай бірыңғай нөмір жоқ болуы себепті өзара байланыса алмайды.

Ведомстволық жүйелер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың мұндай бытыраңқылық, бәрінен бұрын, халықты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді жинауға және деректерді есепке алудың мемлекеттік жүйесіне бірнеше мәрте енгізуге ақталмайтын шығындарды тудырады. Бұл орайда қолмен енгізуде қателер туындамай қоймайтындығы сияқты жалпыға белгілі проблемамен қатар, әрбір мемлекеттік орган ақпарат тізілімінің өз пішімдерін пайдаланады, сайып келгенде, дұрыс және кешенді ақпарат алудың мүмкін еместігіне әкеліп тірейді.

Қолда бар және әзірленіп жатқан ведомстволық есепке алу жүйесінің салыстырылмауын жою проблемасын шешу жеке (заңды) тұлғаларды есепке алудың бірыңғай жүйесін: жеке сәйкестендіру нөмірлері мен бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін енгізген кезде мүмкін болады, оны пайдалану олардың негізінде Қазақстан Республикасы Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14. N 282 қаулысымен.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері:

жеке сәйкестендіру және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін енгізудің негізінде жеке (заңды) тұлғаларды есепке алудың бірыңғай жүйесіне көшу;

жеке сәйкестендіру және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің құрылымы жөніндегі тұжырымдамалық ережелерді бекіту;

қолда бар және әзірленіп жатқан ведомстволық есепке алу жүйелерінің салыстырылмауын жою проблемасын шешу, Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін қалыптастыру үшін алғышарттар ж а с а у ;

мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорын көкейкесті етуді іске асыру және ақпаратты қайталауды болдырмау;

ақпараттық ресурстарды басқару және пайдалану тетіктерін жетілдіру; азаматтардың және заңды тұлғалардың шағымдары кезінде мемлекеттік рәсімдерді жүргізуді жеделдету мен жеңілдету негізінде жеке тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарын ж е т і л д і р у ;

қажетті нормативтік құқықтық базаны жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жеке сәйкестендіру және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қолдануға көшу жөніндегі іс-шараларды жүргізу болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-бөлімшеге өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің бірыңғай ақпараттық жүйесін жасау мақсатында жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірін енгізуді Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құруға және жүргізуге қатысты негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды, халық пен мемлекеттің бірыңғай нөмірді гендеу жөніндегі өзара қарым-қатынастары рәсімдерін, ведомстволық автоматтандырылған есепке алу жүйесін жүргізу мақсатында мемлекеттік органдар арасындағы деректер алмасу регламентін белгілейтін, жеке тұлғалар үшін бірыңғай нөмірлерді қолдану аясын шектейтін, персоналды дерекқорды қалыптастыру кезінде мемлекеттік органдар алған ақпараттардың құпиялылығын сақтау жөніндегі

ережелерден тұратын заңнамалық кесімдерді қабылдау, сондай-ақ бірыңғай нөмірге өту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу жолымен жүргізу қажет. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерін көрсетілген заңнамалық кесімдерге сәйкес келтіру талап етіледі.

Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірінің атаулары ретінде мыналарды пайдалану ұ с ы н ы л а д ы :

жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) - жеке тұлғалар, оның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) - заңды тұлғалар және қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін.

ЖСН (БСН) жеке (заңды) тұлғаны Халық пен заңды тұлғалардың ұлттық тізілімдерінде (ЖСН және БСН Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде) бір мағыналы тіркеуге мүмкіндік беретін символдар кезектілігін білдіруі тиіс.

ЖСН (БСН) берілген генерациялау алгоритміне сәйкес беріледі. Бұл орайда ЖСН (БСН) генерациялау деп бірыңғай нөмірді қалыптастыру және оны тиісті құжаттарға қ о ю р ә с і м і т ү с і н д і р і л е д і .

ЖСН бір рет беріледі, ЖСН құрылымына енетін мәліметтер өзгерген кезде жеке сәйкестендіру нөмірі өзгеріссіз қалады. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде ЖСН (БСН) құрылымына енетін мәліметтердің өзгеру тарихы жүргізіледі, сондай-ақ жүргізілген қайта тіркеулер мен бұрын берілген ЖСН (БСН) жоюлар т у р а л ы а қ п а р а т ж и н а қ т а л а д ы .

ЖСН (БСН) бірегей болуы тиіс, ЖСН (БСН) қайталауға жол берілмейді. ЖСН-ді қолдану аясы заңнамамен қатаң шектеледі. ЖСН (БСН) мемлекеттік органдардың мамандандырылған дерекқорын ЖСН (БСН) "байлау" жолымен орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының ақпараттық жүйелерін жасау және жүргізу ү ш і н "к і л т" р е т і н д е п а й д а л а н ы л а д ы .

ЖСН (БСН) берудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының з а ң н а м а с ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ЖСН және БСН Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің бірыңғай жүйесі бойынша ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

2. ЖСН (БСН) құрылымы

ЖСН құрылымының негізіне қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі пайдаланып жүрген азаматтың он екі таңбалы сәйкестендіру кодын алу ұсынылады. Әділет министрлігінің ақпараты бойынша кодтың осыған ұқсас құрылымы Данияда, Финляндияда, Жапонияда, Германияда, АҚШ-та, Францияда, Кувейтте, Малайзияда, Мальтада, Ботсванада, Кипрде, Египетте, Латвияда, Литвада, Эстонияда, Белоруссияда және басқа елдерде қолданылады. Қазақстанда бұл код 1997 жылдан

б а с т а п

п а й д а л а н ы л а д ы .

Бұл кодтың артықшылығы оның есте жақсы сақталатындығы мен жеке тұлғалар үшін ақпараттылығында болып отыр, өйткені азаматтың қолданыстағы сәйкестендіру кодының құрылымында белгілі бір комбинацияда азаматқа белгілі туған күні, айы және жылы, сондай-ақ жеке тұлғаның жынысы мен ғасыры бар.

БСН құрылымын әзірлеу кезінде бақылау разряды ЖСН-нің бақылау разрядына ұқсас есептелетін он екі разрядты кодты пайдалану ұсынылады.

ЖСН (БСН) құрылымында тек сандық мәндерді ғана пайдалану ұсынылады. Құрылым сандардың солдан оңға қарай кезектілігінің сипаттамасы түрінде болады. Ыңғайлы болу үшін ұқсас және (немесе) бірдей сипаттамасы бар бірнеше разрядтарды сипаттау үшін бір фасетқа біріктірілуі мүмкін.

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14. N 282 қаулысымен.

3. ЖСН генерациялау алгоритмі

ЖСН-ді генерациялаудың мынадай алгоритмі ұсынылады:

1) бірінші фасет - 6 разрядтан ($a_1 - a_6$) тұрады және жеке тұлғаның туған жылын (соңғы екі сан), айы мен күнін сипаттайды;

2) екінші фасет - 1 разрядтан (a_7) тұрады және жеке тұлғаның жынысы мен оның туған ғасырын сипаттайды. Разрядтың мәнін айқындау кезінде ерлер үшін тақ сандар, ал әйелдер үшін - жұп сандар пайдаланылады.

Бұл разряд үшін нақты мәндер мынадай түрде болады:

- 1 - 19 ғасырда туған ерлер үшін;
- 2 - 19 ғасырда туған әйелдер үшін;
- 3 - 20 ғасырда туған ерлер үшін;
- 4 - 20 ғасырда туған әйелдер үшін;
- 5 - 21 ғасырда туған ерлер үшін;
- 6 - 21 ғасырда туған әйелдер үшін;

Демек, бұл разрядта 7, 8, 9 және 0 резервтік мәндері бар;

3) үшінші фасет - 4 разрядтан ($a_8 - a_{11}$) тұрады және жүйедегі тіркеудің реттік нөмірін сипаттайды. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша бір күнде туылғандардың ең жоғарғы саны (1999 жылдан бастап) - 1229 адам, сондықтан тіркеудің реттік нөмірі үшін 4 таңба толықтай жеткілікті. Тіркеудің реттік нөмірі бір топтың шеңберінде (туған жылы) жаппай нөмірлеумен қ о й ы л а д ы ;

4) төртінші фасет - 1 разрядтан (a_{12}) тұрады және ЖСН-нің бақылау разряды болып табылады. ЖСН-нің бақылау разряды есебінің алгоритмі Бағдарламаның 5-

тарауының 5-параграфында келтірілген.

Осылайша, ЖСН құрылымы мына түрде болады (мұнда және бұдан әрі - a_i - i -разрядының мәні):

 $a_1 a_2 a_3 a_4 a_5 a_6 ! a_7 ! a_8 a_9 a_{10} a_{11} ! a_{12}$

Жеке тұлғаның Жеке тұлғаның жынысы Тіркеудің реттік Бақылау
туған жылының және оның туған нөмірі разряды.
соңғы екі саны, ғасыры:

айы, күні ер жыныстылар үшін:
1 - 19 ғасыр, 3 - 20
ғасыр, 5 - 21 ғасыр;
әйел жыныстылар үшін:
2 - 19 ғасыр, 4 - 20
ғасыр, 6 - 21 ғасыр.
7, 8, 9 және 0
резервтік мәндер.

Қызметтерін өзіндік кәсіпкерлік нысанында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі - ЖК (Ө) жеке тұлғаға туылған кезде берілген ЖСН-ді пайдаланатын болады.

4. БСН-ді генерациялау алгоритмі

Ескерту. 4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.01. N 188 қаулысымен .

БСН-ді генерациялаудың мынадай алгоритмі ұсынылады:

1) бірінші фасет - 4 разрядтан ($a_1 - a_4$ дейін) тұрады және заңды тұлғаны немесе қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерді (бұдан әрі - ЗТ немесе ЖК (Б) тіркеудің жылын (соңғы екі саны) және айын сипаттайды;

2) екінші фасет - 1 разрядтан (a_5) тұрады және ЗТ немесе ЖК(Б) түрін сипаттайды.

Бұдан басқа, осы разрядтың алгоритм есептерінің мәні БСН-нің ЖСН-мен сәйкес келу мүмкіндігін болдырмау үшін пайдаланылады.

ЖСН құрылымында a_5 (бесінші разряд) туған күнінің бірінші санын білдіретін болғандықтан, ал туған күні тек 0, 1, 2 немесе 3 (мысалы, 01, 11, 21, 31) санынан басталуы мүмкін екендігін ескере отырып, БСН құрылымында a_5 (бесінші разрядта) генерациялаудың міндетті шарты 0, 1, 2 және 3 сандарын пайдалануды болдырмау болады .

Бұл разрядтың мынадай нақты мәндерін пайдалану ұсынылады:

4 - резидент заңды тұлғалар үшін;

5 - резидент емес заңды тұлғалар үшін;
6 - қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін .

Демек, бұл разрядта 7, 8 және 9 резервтік мәндер бар;
3) үшінші фасет - 1 разрядтан (a_6) тұрады және a_5 разрядын қосымша тәптіштеу болып табылатын арнайы белгіні сипаттайды:

0 - ЗТ немесе ЖК(Б) бас бөлімшесінің белгісі;

1 - ЗТ немесе ЖК(Б) филиалының белгісі;

2 - ЗТ немесе ЖК(Б) өкілдігінің белгісі;

4 - қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын шаруа (фермер) қожалығының белгісі;

4) төртінші фасет - 5 разрядтан ($a_7 - a_{11}$ дейін) тұрады және жүйеде ЗТ немесе ЖК(Б), сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерін тіркеудің реттік нөмірін сипаттайды;

5) бесінші фасет - 1 разрядтан (a_{12}) тұрады және БСН-нің бақылау разряды болып табылады. БСН бақылау разряды есебінің алгоритмі Бағдарламаның 5-тарауының 5-параграфында келтірілген және ЖСН бақылау разрядының есебіне ұқсас.

Осылайша, БСН құрылымы мынадай түрде болады:

 $a_1 a_2 a_3 a_4 ! a_5 ! a_6 ! a_7 a_8 a_9 a_{10} a_{11} ! a_{12}$

ЗТ немесе ЖК(С)	Салық төлеушінің түрі:	Арнайы белгі (a_5 разрядын	ЗТ немесе ЖК(Б),	Бақылау разряды.
-----------------	------------------------	-------------------------------	------------------	------------------

тіркеу жылының, соңғы екі саны, айы.	4 - резидент заңды тұлғалар; 5 - резидент емес заңды тұлғалар; 6 - бірлескен кәсіпкерлік негізіндегі жеке кәсіпкерлер .	қосымша тәптіштеу): 0 - бас бөлімше; 1 - филиал; 2 - өкілдік;	сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерді тіркеудің реттік нөмірі.	
--------------------------------------	---	--	--	--

ЖСН-мен сәйкестікті болдырмау мақсатында 0, 1, 2, 3 сандарын	4 - бірлескен кәсіпкерлік негізіндегі шаруа (фермер) қожалығы.
--	--

п а й д а л а н б а ң ы з .
7 , 8 ж ә н е 9
р е з е р в т і к м ә н д е р .

5. Бақылау разрядының мәнін есептеу алгоритмі

Ескерту. 5-бөлімше жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

ЖСН (БСН) құрамына бақылауды жүзеге асыру және онда клавиатуралық енгізу қателіктерін азайту мақсатында 12-бақылау разрядының болуы көзделеді, оны есептегенде екі циклда мынадай алгоритм пайдаланылады:

$$a_{12} = (a_1 * b_1 + a_2 * b_2 + a_3 * b_3 + a_4 * b_4 + a_5 * b_5 + a_6 * b_6 + a_7 * b_7 + a_8 * b_8 + a_9 * b_9 + a_{10} * b_{10} + a_{11} * b_{11}) \bmod 11,$$

мұнда: a_i - i -разрядтың мәні;

b_i - i -разрядтың салмағы.

ЖСН разряды: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

разрядтың салмағы: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11.

1. Егер алынған сан 10-ға тең болса, онда бақылау разрядын есептеу салмақтың басқа кезегімен жүргізіледі:

ЖСН разряды: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

разрядтың салмағы: 3 4 5 6 7 8 9 10 11 1 2.

2. Егер алынған сан тағы 10-ға тең болса, онда бұл ЖСН п а й д а л а н ы л м а й д ы .

3. Егер алынған санның мәні 0-ден 9-ға дейін болса, онда бұл сан бақылау разряды ретінде алынады.

6. ЖСН (БСН) қолдану тетігі мен аясы

Ескерту. 6-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.01. N 188 қаулысымен .

ЖСН Қазақстан Республикасының азаматтары - жеке тұлғаларына адам туылған кезде (туу туралы куәлікті бергенде) беріледі, содан соң онымен өмір бойы "бірге ж ү р е д і " :

жеке куәлікті немесе төлқұжатты алғанда;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенде;

міндетті зейнетақы жарналарын ұстағанда және аударғанда;

жылжымайтын мүлік объектілерін және көлік құралдарын тіркегенде;

банк мекемелерінде шот ашқанда;

рұқсат беру сипатындағы құжаттарды (лицензиялар, патенттер, жүргізушінің куәлігі, ластауға, су пайдалануға рұқсаттар және тағы басқа) алғанда;

тіркеу сипатындағы құжаттарды (жеке кәсіпкер куәлігі, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы ретінде тіркеу және тағы басқа) алғанда;

әскери билет, офицер (прапорщик) жеке куәлігін алғанда;
кедендік-ресімдеу кезінде;
б а с қ а .

Қазақстан Республикасына келетін және көші-қон қызметінде тіркелуге тиіс резидент емес жеке тұлғаларға ЖСН беру жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында іс жүзінде жоқ, алайда Қазақстан Республикасында салық салу объектісі бар резидент емес жеке тұлғаларға ЖСН беру т а л а п е т і л е д і .

Заңды тұлғаларға БСН беру мемлекеттік тіркеу кезінде жүргізілетін болады. Бұл ретте осы рәсім заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу кезінде де жү р г і з і л е д і .

БСН беру рәсімі қызметін бірлескен кәсіпкерлік негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге қатысты да жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, бизнес - сәйкестендіру нөмірінің құрылымына кіретін мәліметтер өзгерген жағдайда, жаңа БСН-ді берумен қайта тіркеу рәсімі жүргізіледі. Бұл ретте Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінде ЖСН бойынша да, БСН бойынша да соның ішінде ЖСН (БСН) беру, БСН құрылымына кіретін мәліметтерді өзгерту, сондай-ақ ЖСН (БСН) жою бөлігінде барлық өзгерістердің тарихы жүргізіледі.

ЖСН (БСН) берудің нақты тетіктерін, сондай-ақ ЖСН (БСН) тіркеу және беру рәсімдерін жүргізуге жауапты мемлекеттік органдарды айқындауды мемлекеттік шығыстарды мейлінше азайту мен жеке және заңды тұлғаларға барынша қолайлы жағдай туғызу тұрғысынан қарау қажет.

ЖСН (БСН) орталықтандырылған дерекқорына жүгіну жолымен ЖСН-ді (БСН-ді) міндетті түрде "on-line" режимінде беру ЖСН (БСН) қайталануын болдырмау мақсатында сақталуға тиіс негізгі талап болып табылады. Сондықтан, тіркеу жүйесінің жұмыс істеу мүмкіндігін аудандық деңгейде іске асыру талап етіледі.

ЖСН жеке тұлғаның суреті мен ЖСН-і бар smart-карточка түрінде болатын жеке бас куәлігіне микропроцессорлық технологияны қолдану арқылы микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыру кезінде сәтті пайдаланыла алады. Мұндай куәлік-карточка тіркеу мәліметтерін сақтау үшін ғана пайдаланылып қоймай, сонымен қатар ағымдағы банктік шоттағы қалдықтар туралы, зейнетақы жинақтары, әлеуметтік, міндетті медициналық сақтандыру деректері туралы, салықтық міндеттемелерді орындау туралы және тағы да басқа ақпараттарды жадында сақтайтын электрондық әмиян ретінде қолданылуы мүмкін.

7. ЖСН (БСН) көшу

Ескерту. 7-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.14. N 282 қаулысымен.

ЖСН және БСН енгізуді бірқатар даярлық іс-шараларын іске асыру қажет болатын ЖСН мен БСН-ге өту алдындағы уақытша кешеуілдеуді анықтай отырып, белгілі бір күннен бастап жүргізу орынды.

Атап айтқанда, "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы", "Қазақстан Республикасының Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарды әзірлеу мен қабылдауды, сол сияқты Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы заң жобаларын іске асыру жөніндегі қаулыларын әзірлеу мен қабылдауды және ведомстволық кесімдерді қабылданған заң жобаларына сәйкес келтіруді қамтитын нормативтік базаны қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізу талап етіледі.

Сондай-ақ белгілі бір күннен бастап "өтпелі" деп аталатын кезең ішінде мынадай процестерді қатар жүргізу ұсынылады:

туу туралы куәліктерді, жеке басын куәландыратын құжаттарды, салық төлеушінің куәліктерін, заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәліктерді және жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді тіркеу органдарына осындай құжаттарды бірінші рет алуға жүгінген жеке және заңды тұлғаларға ЖСН (БСН) көрсетумен (бұдан әрі - ЖСН (БСН) көрсетілген құжаттар) беру;

тіркеу органдарына қайта тіркеу үшін жүгінген жеке және заңды тұлғаларға "ескі" құжаттардың орнына ЖСН (БСН) көрсетілген "жаңа" құжаттар беру.

"Өтпелі" кезеңге дейін ЖСН мен БСН-нің Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен енгізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық өнімдерді әзірлеу мен пилоттық енгізуді жүргізу, сондай-ақ Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуге жауапты уәкілетті органды айқындау керек.

Мемлекеттік органдарға ведомстволық ақпараттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етілуін пысықтауға біршама уақыт қажет. Атап айтқанда, салық органдары мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бөлімшелері даярлық кезеңі ішінде берілген ЖСН-ді бұрын берілген СТН-мен және ӘЖК-пен "байлау" бойынша жұмыс жүргізуі тиіс.

Бірлескен кәсіпкерлік негізінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бойынша БСН беру және оларды бұрын берілген СТН-мен "байлау" жөнінде осыған ұқсас жұмыс жүргізу қажет болады.

Банк жүйесінде де белгілі бір жұмыстар жүргізу қажет болады. Мысалы, төлем құжаттарының нысанына және тиісінше, төлемдерге қызмет көрсету бойынша, оның ішінде ЖСН және БСН дәлдігін тексеру бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізу қажет болады.

Ақпараттандыру саласында жұмыстар жүргізу бөлігіндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Сонымен, ақпараттық іс-шараларды жүргізу туралы мәселеге мұқият болған жөн.

Жұртшылық мемлекеттік органдардың қолданғалы отырған даярлық іс-әрекеттері туралы кең құлақтандырылуы үшін бар күшті салу қажет. Жүргізілетін шешімдердің мерзімдері, жүйелілігі, ЖСН-ге көшу мүмкіндігінше қалыпты өтетіндей және халыққа аса ыңғайсыздық туғызбайтындай етіп жоспарлануы тиіс.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыру мемлекеттік бюджет қаражаттарынан қаржыландыруды талап етпейді.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірін қолдануға көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде, есепке алудың жалпы мемлекеттік жүйесі ретінде Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау міндетін іске асыруға септігін т и г і з е д і .

Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөмірі негізінде Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізудің; бірыңғай нөмірді берудің, тиісті растаушы құжаттарды берудің тәртібі мен мерзімдерінің; бірыңғай нөмірі көрсетілмеген құжаттары бар жеке (заңды) тұлғаларға "қайта тіркеу" рәсімін жүргізу мен тәртібін регламенттеу мен мерзімдерін белгілеудің тұжырымдамалық негіздері; қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді қабылданатын заң жобаларына сәйкес келтіру қажетті құқықтық негіздемеге ие болады.

Мемлекет ақпараттық ресурстарды басқару және пайдалану тетігін жетілдіру мүмкіндігіне ие болады. Мемлекеттік атқарушы органдар Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін бірыңғай жалпы мемлекеттік бағасына жүгіне отырып, өздерінің ведомстволық есепке алу жүйесін қалыптастыра алады және мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорын жандандыру және ақпараттың қосарланушылығын болдырмау міндеттерін шеше алады, бұл сайып келгенде, әлеуметтік-экономикалық жағдайды нығайтуға және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асыру азаматтардың және заңды тұлғалардың жүгінуі кезінде мемлекеттік рәсімдерді жүргізуді жеделдету мен жеңілдету негізінде жеке тұлғалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарын жетілдіруге ықпал етеді, бұл соның ішінде кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігінің дамуында да оң көрініс табады.

ЖСН (БСН) байланыстырушы буын ретінде пайдалану негізінде Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің бірыңғай ақпараттық жүйелерін жасау халықтан алынған ақпаратты бірнеше мәрте енгізуді болдырмау есебінен ақпаратты енгізуге мемлекеттік қызметкерлердің еңбек шығындарын төмендетуге ықпал ететін болады,

қолда бар және әзірленіп жатқан ведомстволық есепке алу жүйелерінің салыстырылмауы проблемасын шешеді.

8. Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескеру. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07. N 13 , 2004.08.27. N 902 , 2006.04.14. N 282 қаулыларымен.

Р/с! Іс-шара ! Аяқталу ! Орындалуына !Орындалу!Бол. !Қар.
N ! ! нысаны ! (жүзеге !(жүзеге !жалды!жылан.
! ! ! асырылуына) !асырылу)!шығы.!дырылу
! ! ! жауапты !мерзімі !стар !көзі

1. Қазақстан Респуб. Заңдардың Қазақстан Рес. 2006 жыл.
ликасы Заңдарының жобалары публикасының дың 1
жобаларын әзірлеу, Әділет тамызға
келісу және Қазақ. министрлігі, дейін
стан Республика. Қаржы
сының Парламентіне министрлігі,
енгізу: Ақпараттандыру
және байланыс
1) "Сәйкестендіру. агенттігі
нөмірлерінің ұлттық Ішкі істер
тізілімдері туралы"; министрлігі,
2) "Қазақстан Қоршаған
Республикасының кей- ортаны қорғау
бір заңнамалық акті- министрлігі,
леріне Сәйкестендіру Ауыл шаруашы.
нөмірлері ұлттық лығы министр.
тізілімдерінің мә- лігі, Көлік
селелері бойынша өз- және коммуника.
герістер мен толық- циялар министр.
тырулар енгізу туралы" лігі, Еңбек
3) "Қазақстан және халықты
Республикасының кей- әлеуметтік
бір заңнамалық акті қорғау министр.
леріне Сәйкестендіру лігі, Энерге.
нөмірлері ұлттық тика және ми.
тізілімдерінің мә- нералдық ре.
селелері бойынша өз-

герістер мен толық-
тырулар енгізу туралы",
("Салық және
бюджетке төленетін
басқа да міндетті
төлемдер туралы"
Қазақстан Респуб.
ликасының Кодексі,
"Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы"
Қазақстан Респуб.
ликасының Кодексі,
"Жеке кәсіпкерлік
туралы" Қазақстан
Республикасының
Заңы).

сурстар мини.
стрлігі, Сыртқы
істер министр.
лігі, Индустрия
және сауда
министрлігі,
Қазақстан Рес.
публикасының
Ұлттық Банкі
(келісім бойынша),
ликасының Ста.
тистика жөніндегі
агенттігі, Жер
ресурстарын
басқару жөніндегі
агенттігі,

Қаржы министрлігінің
Кедендік бақылау

комитеті

2. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы", "Қазақстан Респуб-ликасының кейбір заңнамалық кесімдеріне Сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Респуб. ликасы Заңдарының іске асырылуына заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Респуб. ликасының Әділет министр. Үкіметі қаржы министрлігі, Қаржы министрлігі, Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Ішкі істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министр. лігі, Ауыл министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

әзірлеу.

министрлігі,
Энергетика және
минералдық ре-
сурстар минис-
трлігі, Сыртқы
істер министрлігі,
Қазақстан Рес-
публикасының
Ұлттық Банкі
(келісім бойынша),
Қазақстан Рес-
публикасының
Статистика
жөніндегі агенттігі,
Жер ресурстарын
басқару жөніндегі
агенттігі, Қаржы
министрлігінің
Кедендік бақылау

комитеті

3. Ведомстволық Ведомст. Қазақстан Респуб. Заңдар
кесімдерді "Сәй- волық ликасының Әділет қабылдан.
кестендіру нөмір- кесімдер министрлігі, ғаннан
лерінің ұлттық ті- Қаржы министрлігі, кейін
зілімдері туралы", Ақпараттандыру
Қазақстан Респуб- және байланыс 3 ай ішінде
ликасының Заңына агенттігі,
және "Қазақстан Ішкі істер
Республикасының министрлігі,
кейбір заңнамалық Қоршаған ортаны
актілеріне Сәйкес- қорғау министрлігі,
тендіру нөмірлері Ауыл шаруашылығы
ұлттық тізілімде- министрлігі,
рінің мәселелері Көлік және
бойынша өзгерістер коммуникациялар
мен толықтырулар министрлігі,
енгізу туралы" Қазақ- Еңбек және
стан Республикасының халықты әлеуметтік
Заңына сәйкес қорғау министрлігі,

келтіру.

("Қазақстан Рес.
публикасының
аумағында төлем
құжаттарын
пайдалану және
қолма-қол ақшасыз
төлем мен ақша
аударымдарын жүзеге
асыру ережесін
бекіту туралы",
"Клиент және оған
қызмет көрсетуші
банк арасындағы
қолма-қол ақшасыз
төлемдерді жүзеге
асыру ережесін
бекіту туралы")

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б .
л и к а с ы н ы ң Ұ л т т ы қ
Б а н к і Б а с қ а р м а .
с ы н ы ң қ а у л ы с ы ,
" Қ а з а қ с т а н Р е с п у б .
л и к а с ы н ы ң с а л ы қ

т ө л е у ш і л е р і н м е м .
л е к е т т і к т і р к е у
ж әне е с е п к е а л у
е р е ж е с і н б е к і т у
т у р а л ы " Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы М е м .
л е к е т т і к к і р і с
м и н и с т р і н і ң

Энергетика және
минералдық ресур.
стар министрлігі,
Қорғаныс министр.
лігі, Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Банкі
(келісім бойынша),
Қазақстан Респуб.
ликасының Ста.
тистика жөніндегі
агенттігі,
Жер ресурстарын
басқару жөніндегі
агенттігі, Қаржы
министрлігінің
Кедендік бақылау
агенттігі

бұйрығы).

4. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау мен жүргізу және бірыңғай нөмірге (ЖСН (БСН))
- БАҚ-та жариялау, теледидарда және радиода сөз сөйлеу
- Қазақстан Рес. публикасының Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Мәдениет және
- "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының

<p>ауысу бойынша жұмысты бұқаралық ақпарат құралда.</p>	<p>ақпарат минис- Заңы қолданысқа трлігі, мүдделі енгізілген мемлекеттік күнінен бастап</p>
<p>рында хабарлау. органдар</p>	
<p>5. ЖСН (БСН) беру рәсімдерін өткізу және ЖСН (БСН) көрсетілген құжаттарды беру, сондай-ақ қайта тіркеу және бұрын берілген құжат.</p>	<p>ЖСН (БСН) Қазақстан Рес. "Сәйкестендіру көрсетіл. публикасының нөмірлерінің ген құжат. Әділет министр. ұлттық тізілім- тарды беру лігі, Ішкі туралы" істер министр. Қазақстан лігі, Сыртқы Республикасының істер министр. Заңында лігі, Қаржы көрсетілген</p>
<p>тарды ауыстыру министрлігі мерзімде</p>	
<p>6. ЖСН (БСН) қолда. нудың жүйесін толық енгізуге өту.</p>	<p>Жүйені енгізу Қазақстан Рес. "Сәйкестендіру публикасының нөмірлерінің Әділет минис- ұлттық тізілім- трлігі, Көлік туралы" және коммуника- Қазақстан ция министрлігі, Республикасының Ақпараттандыру Заңына және байланыс сәйкес агенттігі, Ішкі істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министр. лігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Еңбек және халықты әлеу. меттік қорғау министрлігі, Энергетика және минералдық ре. сурстар мини. стрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Рес. публикасының</p>

Ұлттық Банкі
(келісім бойынша),
Қазақстан Респуб-
ликасының Статис-
тика жөніндегі
агенттігі, Жер
ресурстарын басқару
жөніндегі агент-
тігі, "Қаржы минис-
трлігінің Кедендік
бақылау комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК